«ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

Қазақстан республикасы, Ұлытау облысы
100600, Жезказган қаласы, Ғарышкерлер 39 А.
тел/факс: 8(7102)76-02-29
«ҚР Қаржы Министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ
ЖСК KZ91070103KSN3026000, БСК KKMFKZ2A,
БСН 150440027233

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ФИЗИЧЕСКОЙ
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАНА»

Республика Казахстан область Ұлытау
100600, г.Жезказган, пл. Гарышкерлер 39 А.
тел/факс: 8(7102)76-02-29
РГУ «Комитет Казначейства Министерства Финансов РК»
ИИК KZ91070103KSN3026000, БИК KKMFKZ2A,
БИН 150440027233

19.01.2026 № 1-14/15

"TURAQTY DAMU" жастар
қоғамдық бірлестігінен
басшысы Ы. Қозайдаров
Ұлытау облысы, Жезказган қаласы,
Ілияс Есенберлин, 23

«Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі Сіздің 15.01.2025 жылғы №274681, *«Депутаттар арасындағы облыстық спартакиадасы»* №15857442-1 хабарландыруы бойынша өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Жұмыс тәжірибесі бойынша.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазанындағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 460-тармағына сәйкес, осы тармақтың 1) – 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21- қосымшаға сәйкес есептеледі.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес, *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* критериі бойынша 2 ұпай - әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі екі жылдан астам және бес жылға дейін қоса алғандаға дейінгі жұмыс тәжірибесі болғанда беріледі.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, әлеуетті өнім беруші «TURAQTY DAMU» дамыту орталығы» ЖҚБ біліктілік талаптарында жұмыс тәжирибесі 3 жылды құрайды, яғни 2023, 2024, 2025 жылдар арасында жұмыс тәжирибесінің болуы анықталды.

Осылайша, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші «TURAQTY DAMU» дамыту орталығы» ЖҚБ *«Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»* критериі бойынша 2 ұпай негізді қолданылған.

"G'IBRATTAN-KZ" ҚБ өтінімі бойынша.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 21-қосымшасында бағалау өлшемшарттары бойынша Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаны қоса алғанда,

Тапсырып берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі: Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау және т.б. анықталған объективті деректермен негізделген); Жобаның мақсаттары мен міндеттері; Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу;

Осылайша, өтінішіңізде келтірілген дәлелдер расталмады. Бұл ретте тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының немесе жалғыз ұйымдастырушының шешіміне әкімшілік іс жүргізу шеңберінде шағым жасау мемлекеттік сатып алу рәсімдерін тоқтатпайды.

Сонымен қатар, берілген жауаппен келіспеген жағдайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес шағым беру құқығыңыз сақталғанын хабарлаймыз.

«Жезқазған қалысының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы **З.Даумбаев**